

¹ Н.Ж.Байтенова, ² Н.Жетпісбай

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент: Жетпісбай Н., naziko_96.96@mail.ru

ФАНАТИЗМ ТҮСІНІГІ, МӘНІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ЖАЛПЫ ФАНАТИЗМ, РАДИКАЛИЗМ, ФУНДАМЕТАЛИЗМ, ЭКСТРЕМИЗМ, ТЕРРОРИЗМ ТҮСІНІКТЕРІНІҢ АРА ЖІГІН АЙҚЫНДАУ)

Аннотация. Мақала қазіргі кездегі жалпы әлемдегі діни ахаулаға байланысты БАҚ-да, ғылыми ізденістер мен зерттеулерде жиі қолданыста жүрген ұғымдар қатарына кіретін жалпы фанатизм, радикализм, фундаметализм, экстремизм, терроризм түсініктерінің ара жігін айқындап талдауға арналған. Қазіргі кезде бұл ұғымдардың жиі қолданыста болуына қарамастан әлі де болса жүйеленген нақтыланған зерттеулер жеткіліксіз деп айтуға болады, көп жағдайда фанатизмге деген осындай үлкен қызығушылығына қарамастан, оның тұтас бейнесі қазіргі ғылыми әдебиеттерде іс жүзінде фанатизмді талдау, әдетте, басқа қоғамдық құбылыстарды зерттеуге байланысты белгілі бір контексте қарастырылады. Фанатизмнің нақты түрлерін, оның діни радикализммен байланыстылығын, діни радикализмнің түрлері ретінде жалпы діни радикализм, діни-этникалық радикализм, діни негіздегі саяси радикализм жіктеліп олардың ара жігі ажыратып көрсетіледі. Қазіргі кезде фундаментализм, соның ішінде діни фундаментализмнің қоғам өмірінде орын алуы ойландыратын өзекті мәселелердің бірі. Осы мәселеге байланысты әлемдегі қоғамдық пікірде кең етек жайған пікір бойынша діни фундаментализм тек исламға ғана тән емес, басқа діндерде де, соның ішінде, православие, иудаизм, индуизм діндерінде де орын алған әлеуметтік феномен екендігіне де мақалада назар аударылады.

Түйін сөздер: фанатизм, радикализм, фундаметализм, экстремизм, терроризм.

**Понятие, сущность, особенности фанатизма
(выявление сущностной характеристики понятий фанатизм,
радикализм, фундаметализм, экстремизм)**

¹ Н.Ж.Байтенова, ² Н.Жетпісбай

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

Аннотация. В современной религиозной ситуации в мире, в связи с частым использованием понятий фанатизм, радикализм, фундаметализм, экстремизм в СМИ и научных исследованиях, авторы данную статью посвящают выявлению содержания и сущностной характеристики этих понятий. Несмотря на то, что данные понятия активно и часто используются, можно отметить, что еще недостаточно исследо-

ваний вышеуказанных понятий, их систематизация. Во многих случаях, несмотря на то, что данная проблематика вызывает определенный интерес в общественности и среди ученых, данная проблема в большей степени рассматривается в контексте общественных. В данной статье рассматривается конкретно фанатизм, его виды, взаимосвязанность с религиозным радикализмом, а также отдельно рассматриваются такие разновидности религиозного радикализма как религиозный, религиозно-этнический и политический разновидности радикализма. В современных условиях фундаментализм, особенно религиозный фундаментализм стал одной из актуальнейших проблем общества. В связи с этим в статье обращено внимание на то, религиозный фундаментализм – это социальный феномен, который встречается не только в исламе, но и в других религиях, таких как православие, иудаизм и индуизм.

Ключевые слова: фанатизм, радикализм, фундаментализм, экстремизм, терроризм.

Fanaticism concept, essence, features (identifying the essential characteristics of the concept of fanaticism, radicalism, fundamentalism, extremism)

¹N.Zh. Baitenova, ²N. Zhetpisbay

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the modern religious situation in the world, due to the frequent use of the concept of fanaticism, radicalism, fundamentalism, extremism in the media and scientific research, this article is devoted to identifying the content and essential characteristics of these concepts. Despite the fact that these concepts are actively and often used, it can be noted that studies of the abovenamed concepts are still insufficient, their systematization. In many cases, despite the fact that this issue arouses a certain interest in the public and among scientists, this problem is largely considered in the context of social and other problems. This article deals specifically with fanaticism, its types, interconnection with religious radicalism, and also separately considers such varieties of religious radicalism as religious, religious-ethnic and political varieties of radicalism. In modern conditions, fundamentalism, especially religious fundamentalism, has become one of the most pressing problems of society. In this regard, the article draws attention to the fact that religious fundamentalism is a social phenomenon that is found not only in Islam, but also in other religions, such as Orthodoxy, Judaism and Hinduism.

Key words: Fanaticism, Radicalism, Fundamentalism, Extremism, Terrorism

Қысқаш

Фанатизм мәселесі – отандық және шетелдік әлеуметтік философияда аз зерттелген мәселелердің бірі. Нақты ғылымдарда фанатизмді зерттеу енді басталады деп айтсақ қателеспейміз. Дінтану, әлеуметтану, саясаттану, конфликтология, антропология және психология, психиатрия және психотерапия осы құбылыстың белгілі бір ерекшеліктері мен аспектілерін зерттеген ғылыми тұжырымдары бар. Фанатизм көбінесе пәнаралық білім

салаларының зерттеу пәніне айналғанын атап өткен дұрыс. Этникалық конфликтология мен психологияда, әлеуметтік-философиялық антропологияда, тарихи-әлеуметтік психологияда, дін социологиясында, социологиялық және саяси конфликтологияда фанатизм мәселесі әр қырынан зерттелуде.

Алайда, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың фанатизмге деген осындай үлкен қызығушылығына қарамастан, оның тұтас бейнесі қазіргі ғылыми әдебиеттерде іс жүзінде жоқ, фанатизмді талдау, әдетте, басқа қоғамдық құбылыстарды зерттеуге байланысты контексттік тұрғыдан жүзеге асырылады. Сондықтан фанатизм туралы қарастырғанда радикализм, фундаметализм, экстремизм, терроризм, эмоциялар, аффекттер, сананың өзгерген күйі, еретикалық және сектанттық қозғалыстар және басқа да осыған ұқсас құбылыстар мәселесіне келіп тірелеміз.

Методология

Мақалада әлемдегі діни ахуалға байланысты жалпы қолданылатын негізгі ұғымдарды фанатизм, радикализм, фундаметализм, экстремизм, терроризм түсініктерінің ара-жігін айқындап талдауға арналғандықтан, бұл ұғымдардың тарихи қалыптасуын зерттей келе тарихи-генетикалық әдісі қолданылды.

Негізгі бөлім

Фанатизм түсінігінің мәнін ашу үшін біз ең алдымен энциклопедиялық сөздіктерге жүгініп талдау жасадық. Фанатизм латыншадан аударғанда (*fanaticus* – құрбандық) жеке адамның белгілі бір сенімдерге деген, басқа ешқандай баламаны қабылдамайтындай болып қалтқысыз берілгендігі, бұл оның іс-әрекетінде және басқалармен қарым-қатынасында айқын көрінеді.

Фанатизм сол сенім жолында құрбан болуға дайындықпен астасады; бір идеяға берілгендік басқа пікірдегілерге төзбеушілікпен қараумен, ортақ мақсатқа жетуге кедергі болатын әдеп нормативтерін елемеушілікпен ұштасады [1, 330 б.].

Психологияда фанатизм – топтың психологиялық феномені. Бір-біріне тәнті болудан қолдау табатын фанатиктер үшін көтеріңкі эмоциялық, өздерінің көзқарастарын қуаттайтын кез келген ақпаратқа талғамай қараушылық, тіпті тілектестік тұрғыдағы сынның өзін қабылдамаушылық тән деген сипаттама беріледі.

Фанатизм екінің бірінде идеологиялық, соның ішінде діни сипатта болады. Ғалымдар бірауыздан діни сипаттағы фанатизмге діни радикализм атауын береді.

Діни радикализм – бұл белгілі бір діни дәстүрлердің шеңберінде пайда болған, содан кейін сын мен негізгі доктринаға қарсы тұру арқылы

одан бөлініп, өз көзқарастарын ымырасыз түрде соңғы логикалық және практикалық тұжырымдарға жеткізуге ұмтылатын идеология. Діни радикализмнің қайнар көзі – харизматикалық (рухани) көсемге табынушылық.

Ресейлік зерттеуші В.В. Ким «фанатизм» ұғымының этимологиясына қатысты көзқарастарды зерттейді. Зерттеуде фанатизм ұғымының ежелгі Римдегі Кибел Құдайы культінен бастау алатындығы айтылады. Бұл культтің діни қызметкерлерін фанатик деп атаған, себебі діни құлшылықты жүзеге асыру барысында Кибела қызметшілерінен құдайларына толық мойынсұну, өзін-өзі экстатикалық күйге келтіру талап етілген. Кибела құдайына берілгендігін дәлелдеу үшін неофиттер бір-біріне қан жарақаттарын салып, өздерінің жыныстық мүшелерін кесіп тастауға дейін барған.

Көптеген римдіктер эмоционалды жағымсыз қатынаста көрсетілген қанды культті айыптады, бұл құбылыстың деструктивтілігін, жағымсыздығын көрсететін және бағалау мағынасында «фанатизм» ұғымын пайдалану дәстүрі кірді. «Фанатизм» сөзінің этимологиясы латынның *Fanum* – «ғибадатхана», «құрбандық үстелі» сөзінен шыққан, бұл ұғымның бастапқы діни мазмұнын көрсетеді [2, 27-30 б.].

Қоғамдық ғылымдар энциклопедиясындағы М.С. Оттоның жазған «Фанатизм» мақаласында ғалым XVI ғасырға қарай бұл ұғымның алғашқы діни мағынасының негіздемесі жойылып, зорлық-зомбылықты және есі ауысатын күйге түсудің түрлеріне дейін кеңейе түскендігі туралы жазады. «Фанатизм» ұғымының кең мағынасын әлеуметтік фанатизм құбылысын зерттеген Т.Н. Санаева келтіреді. Ондағы фанатизм біреудің кез-келген идеяға деген шексіз берілгендігі (және оны жүзеге асыру) ретінде пайда болады, бұл идея құмарлыққа айналады, сонымен шексіз өзін-өзі сәйкестендіреді. Адамның бір идеяға берілуі және сол идеядағы адамның өзін-өзі дәлелдеуі, барлық басқа идеяларды сол идеяға бағынышты қылып, сол идеяны жүзеге асыру үшін құрал ретінде қолдану.

Фанатизм, мәні бойынша, оның әлеуметтік іске асуының жағымды мақсаттары мен салдарына қарамастан, жағымсыз құбылыс деп анықталады. Әрдайым бір нәрсе (идея, жоғары мақсат және т.б.) немесе біреу (көшбасшы, сүйікті адам және т.б.) үшін пайда болатын фанатизм жойқын потенциалға ие, өйткені аталған «жоғары құндылық» үшін ол сөзсіз басқа (көбінесе - жат) құндылықтарды жояды, яғни «жалғыз дұрыс жол, «жалғыз мүмкін шындық», «жалғыз көшбасшыны» ғана мойындау басқаны жоққа шығаруға әкеледі.

Сондықтан фанатизм әрдайым агрессивті, толеранттылыққа жат басқа дінді, басқа ойды, келіспеушілікті және т.б. құрметтеуге бейім емес. «Фанатизм» ұғымын сипаттауға тырысып, зерттеушілер ең алдымен діни фанатизм мысалына назар аударады, бұл таңқаларлық емес, өйткені көбінесе дәл осы дінде көптеген ғасырлар бойы фанатикалық сенім әлеуметтік-антропологиялық құбылыс ретінде пайда болып, көбейіп отырған.

Сенім – бұл адам болмысының іргелі негізі, ол біздің санамыздың ажырамас бөлігіне айналады, сенім әркімге өзін-өзі тануға, құндылық басымдықтары мен көзқарастарын бекітуге оның мазмұнына қарамастан көмектеседі. Діни сенім табиғаттан тыс күшке мистикалық сенім, нақты діндердің догмаларын мойындаудан көрінсе, рационалдық сенім философиялық, ақылға қонымды, ғылыми мәліметтерге негізделген болады.

Фанатизмді В.В. Ким ашуланған (өзгертілген) сенім деп түсінеді, оның негізін «тыныштықтағы» және «формальды» сенім құрайды. Бұл феномен догмалардың түпкілікті абсолюттенуімен, оларға деген шектен тыс құмарлықпен және экзистенциалдық бостандықпен үйлесімсіздігімен сипатталады. Нәтижесінде қоғамда басқаша ойлайтындар мен басқа дін өкілдеріне қатысты төзімсіздікті, қудалауды тудыратын әлеуметтік әрекеттер көрініс береді [3, 26-29 б.].

Сонымен қатар фанатизм қоғамда жағымсыз рөл атқаруы мүмкін. Қақтығыс процесінде фанатизм күштің және қарудың қолданылуымен тоқтамайды, сенімнің, дәстүрдің және басқалардың «тазалығын» сақтайды, фанатизм әртүрлі сенімдерді, басқаша ойлайтындарды немесе басқа жақтан келгендерді жек көрумен қоса, жойып жіберуге дайын болады. Фанатизм физикалық зорлық-зомбылыққа жүгіне отырып, қоғамды тұрақты және үнемі кеңейіп отырған қақтығыс жағдайына алып келеді. Осындай жағдайда қоғам мүшелері үшін қақтығыстан шығудың жолы әрине қиын. Жоғарыда айтылғандардан қоғамның өзі фанатизмді тудырады, ол тек субъективті-жеке сипатта емес, фанатикалық сананы талдаудан біз оның объективті әлеуметтік сипатын айқын көреміз. Фанатизм қоғамда пайда болып, әр түрлі жағдайға қарай түрлі формада ұдайы көбейіп, тарап отырған.

Фанатизм агрессивті ортада өмір сүру тәсілі ретінде жабық қоғамдастықтар үшін (мемлекет немесе партия деңгейінде) қажет. Фанатизмнің екі түрлі рөлі (әлеуметтік тұрғыдан негізделген және негативті) - бұл әлеуметтік маңызды және әлеуметтік деструктивті компоненттер бір-бірімен қатар тұрып, өзара әсер ететін бір құбылыстың сипаттамасы. Діни қоғамдағы фанатизмнің пайда болуы мен дамуы фанатизмнің қалыптасуының екі моделін В.В. Ким атап өтеді. Мұсылмандық және иудейлік-христиандықты бөліп алу арқылы ол бұл модельдерді канондық мәтіндердің Інжіл мен Құранның негізінде жасайды. Зерттеуші фанатизмнің шығуына септік тигізетін адамның мінез-құлқын реттейтін нақты ережелер мен нормалар осы қасиетті мәтіндерде бар деген тұжырым жасайды.

Қасиетті мәтіндерді талдай отырып діни санада, қоғамда фанатизмнің қалыптасу фактісі арасындағы байланысты көрсетеді. Ежелгі Өсиет те де Құранда да жабық түрде басқа діндегілерді жоюға шақырулар бар екеніне назар аударады. Қоғамға «кәпірлердің» енуіне жол берілмеу және де сол сияқты «дінді қорғауға» шақырулар жаулап алу саясатының идеологиялық негізі және әлемге агрессивті қарсылық көрсету үшін қызмет етеді дейді.

Дегенмен бұл, мысалы, ғасырлар бойғы өз мемлекеттілігінің жоқтық жағдайындағы еврейлердің ұлттық ерекшелігін, өзін-өзі сақтау тәсілі болды. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, Қасиетті мәтіндерді идеологиялық тұрғыдан түсіндіру, әдетте, белгілі бір адамдардың, әлеуметтік топтардың, саяси күштердің мүдделері үшін жүзеге асырылады, көбінесе нақты саяси мақсаттарға жетуде діни фанатизмге ден қойылады [4, 164-167 б.].

Діни фанатизмнің тағы бір көрінісі ретінде діни радикализм қарастырылады.

Діни радикализм – бұл белгілі бір діни дәстүрлердің шеңберінде пайда болған, содан кейін негізгі доктринаны сынау және қарсы тұру арқылы одан бөлініп, өз көзқарастарын ымырасыз түрде соңғы логикалық және практикалық тұжырымдарға жеткізуге ұмтылатын идеология. Діни радикализмнің қайнар көзі – харизматикалық (рухани) көсемге табынушылық болып табылады [5, 63 б.].

1970 жылдары діни радикализм идеяларын Иса қозғалысы дамытты және оның бұтақтары барлық елдерге тарады. Бұл қозғалыстарды зерттеген ғалымдар олардағы шектен шыққан фанатизмді көріп, сектаттық ағымдар деп атаған болатын. «Егер ұйымда төменде аталған мінездемелер болса, онда оларды сектаға жатқызуға болады:

- ілімдерінің екіжақтылығы (сектада ашық таралатын, қоғамға, ұйымның қатардағы мүшелеріне арналған ресми ілім және тек ұйым басшылары мен көшбасшыға белгілі құпия ілім);

- катал иерархиялық ұйымдастырылу (секта басшылығы, қатардағы адептер, неофиттер);

- ұйым басшылары адептер мен неофиттерге агрессиялық манипуляция әдісін қолдану арқылы олардың тұлғалық еріктерін бақылауға алады;

- ұйымның адептерімен қоса ұйымға мүше еместерге де физикалық, моральдық және материалдық зиян келтіреді [6, 64 б.].

Бұл көрсеткіштерді ғылымға кіргізген батыстық ғалымдардың еңбектерімен қоса діни сектанттық құбылысын зерттеген ресейлік ғалымдар діни фанатизмге бейім топтарды «тоталитарлық секта», «культ», «деструктивтік культ» деп атауды ұсынды. Әсіресе А. Дворкин, өзінің «Сектатану тоталитарлық секталар» еңбегінде дәстүрлі емес діни ағымдардың барлық түрлерін топтамалап, жаңа пұтшылдықтан бастап жаңа ғасырлық ағымдардағы діни фанатизм көріністерін жеткілікті дәлелдеп берді.

«Сектанттық феномен адамның әлеуметтік өмірінің барлық салаларында көрінеді. Сектанттық – бұл әлеуметтік феномен, әлеуметтік және мемлекеттік институттарға қарсы бағытталған, қоғамның рухани өмірінде деструктивтік көзқарастар мен әрекеттердің жиынтығын құрайтын жүйе. Сектанттық қоғамға қарсы (секулярлы немесе діни) сенім, деструктивтік (секулярлы, діни немесе псевдодіни) культтер және ұйымдар (секулярлы, діни немесе псевдодіни) ретінде қарастырылады» [6, 65 б.].

Н.Ж. Байтенова, Қ.М. Борбасова сектаға келген неофиттерді фанатиктерге айналдыру мақсатында олардың басын айналдыратын әр түрлі әдістер қолданылатындығын жазады:

- трансқа түсіретін әдістер жүйелі қолданылады;
- сектаның өмір сүру стилін қабылдауды талап етіледі;
- сыни көзқарас айтылмайды;
- культтік әдебиеттерден басқа хабар беретін материалдарға тиым салынады;
- адамды қорқытады;
- сектадан тыс адамдармен қарым-қатынас жасатпайды;
- арнайы қаржылық міндеттеме жүктеледі;
- өзінің жеке мүліктерін сектаның қолданысына өткізеді [6, 66 б.].

Сектанттық фанатизмнің тағы бір көрінісі ретінде ғалымдар радикализм ұғымын кіргізген. Ғылымда діни радикализмнің келесі түрлері ажыратылады: жалпы діни радикализм; діни-этникалық радикализм; діни негіздегі саяси радикализм.

Діни радикализмнің өзі рухани лидердің айналасында қалыптасатын шағын және жергілікті топтарда көрінеді және олардың мақсаты ретінде, әдетте, эсхатологиялық мазмұнға ие әлеуметтік-діни жобаны жүзеге асыру көзделеді. Мысал ретінде 2008 жылы Пенза маңындағы үңгірде сыртқы әлемнен өздерін жауып, әлемнің ақырзаманының жақындағанын күтіп әйгілі болған Петр Кузнецовтың ізбасарларын айтуға болады. Мұндай радикализмге «тыныштық» тән, өйткені харизматикалық лидер қоғамды ірі сілкіністер мен саяси наразылықтарға шақырмайды. Соған қарамастан, бұл тип үлкен деструктивті әлеуетті қамтиды, өйткені ол қоғам үшін маңызды құндылықтар мен көзқарастарға күмән келтіреді және өз кезегінде адамдарды заңсыз әрекетке итермелейтін әлеуметтік және діни фанатизмнің ұйытқысы ретінде қызмет етеді. Өз кезегінде бұл дінді ұстанушылар альтернативті әлеуметтік-діни жобаны жүзеге асырады. Олар отбасынан бас тартады, ресми шіркеуден қарым-қатынасты үзеді, мемлекеттік білім беру мен емделуден бас тартады, ресми құжаттарды пайдаланудан бас тартады, өндірістік өнімдерді пайдаланбауды құптайды (әсіресе штрих-кодтар). Мұндай діни топтарда алғашқы қауымдық кезеңдегі сияқты қарапайым шаруашылықпен айналысады, отбасында немесе коммунада патриархалдылыққа мән береді, рухани көсемге табынушылық және эсхатологиялық ілім шеңберінде ойлау орын алады. Бұндай діни ағымдарға «Тиберкуль экологиялық тұрғынын» құрып және дамытып отырған Соңғы Өсиет Шіркеуін және дәстүрлі неке мен отбасы институтын жоққа шығарып, оның орнына «жаңа отбасы» құруға ұмтылатын Сон Мён Мунның Біріктіру шіркеуін жатқызуға болады. 90 жылдары Қазақстанда дінді жамылған жаңа діни топтардың ішінен де «Ата жол» немесе «Ақ жол» – солардың қатарында. Ата жолдың басында тұрған «абыздар» адам-

дарды әртүрлі аурудан сақтап қалуға, қиыншылықтарға төтеп беруге және үлкен жетістіктерге қол жеткізулеріне уәде берген.

Ал Фархад-ата діни ілімнің негізін салушы өзін «емші» деп жариялап, науқастарды емдеумен айналысудан кейін өзін жұмаққа апару үшін адамдарды зұлымдықтан құтқаруға келген құдай ретінде жариялады. Ол «әруақ қонған» сәттен бастап жер бетіндегі әрбір науқас туралы білетінін және ем ретінде “Фархад басқарып отыратын күннің энергиялық шуақтары” деп аталатын әдіс ұсынатындығын жария етті. Секта ұстанушылары Фархад пен оның әйелін «Адамзаттың шынайы ата-анасы» деп атайды. Олар әлемдік діндерді жоққа шығарып, Құран, Библия және басқа да киелі кітаптарды отқа жағуға шақырады.

Дінге негізделген саяси радикализм. Этноцентризмді насихаттау және әлемдік діндерге деген теріс көзқарас діни-этникалық радикализмнің саяси жазықтыққа ауысуына әкелуі және қоғам үшін қауіпті экстремизмнің тууының идеологиялық негізіне айналуы мүмкін. Діни ұйымдардың белгілі бір ерекшеліктерін қамтитын және радикализмнің осы түріне ие ұйымдар мемлекеттік жүйені күшпен өзгертуді көздейді: билікті қарулы құралдармен басып алу, басқа мемлекеттің егемендігін бұзу, заңсыз қарулы әскер құру және тарату, этникалық және діни араздықты қоздыру.

Мұсылмандық деструктивті діни ағымдарға тән негізгі белгілерді исламтанушы Асқар Сабдин атап өтеді:

- антиинтеллектуализм – ақыл-ойға, рационалдыққа, логикаға теріс көзқарас, сондай-ақ, ілімге ат үсті қарау;

- антиисторизм – жергілікті қалыптасқан салт-дәстүрлерді жоққа шығарып, тарихи жәдігерлер мен ескерткіштерге, тұлғаларға негативті көзқараста болу;

- сенімнің саясиленуі – дінді саяси идеялогияландыру, билікке қол жеткізу және корпоративтік мүдде үшін діни ілімдерді қолдану манипуляциясы;

- антижүйелілік және патриотизмнен қол үзу – бірегейліктен айрылуға байланысты құқықтық және қоғамдық тәртіп пен нормаларға бағынбау;

- дінді қылмыстық бағытта қолдану – білім жүйесін қылмыстық мақсатқа бағыттайтын діни түсініктермен бүркемеленген элементтердің болуы (мәселен, дін атын жамылған жалған жиһад пен жазия түрлері және т.б.) [7, 33 б.].

Енді фанатизмнің тағы бір көрінісі діни фундаментализмді талдауға көшеміз.

Фундаментализм (лат. Fundamentum – «негіз») – өте консервативті діни, философиялық, моральдық және әлеуметтік қозғалыстардың жиынтық атауы. Фундаментализм – бұл қазіргі қоғамда болып жатқан жаһандану және зайырлану процестеріне деген саяси реакция.

Термин бастапқыда діни христиан мәтіндерін (негізінен Інжілді) сөзбе-сөз оқуды қолдайтын және кез-келген рационалды және аллегориялық

түсіндірмеден толық бас тартатын АҚШ-тағы бірқатар протестанттық конфессияларға қатысты қолданылды. Кейіннен бұл атау осы түрдегі кез-келген діни ағымдарға және кейбір діни емес түсініктерге қатысты қолданылды.

Жалпы фундаментализмді жақтаушы діни ағым немесе көзқарас негізгі қағидаларға қайта оралуымен, осы қағидаларды берік ұстануымен және көбінесе басқа көзқарастарға төзбеушілікпен және зайырлылыққа қарсы тұрумен сипатталады.

«Фундаментализм» ұғымының өзі АҚШ-та протестантизм аясында пайда болғандығы туралы жоғарыда айтылды. 1895 жылы Ниагаре Фоллс қаласында өткен Киелі кітап конференциясында протестанттық пасторлар тобы фундаментализмнің бес негізгі («негізгі») принциптерін алға тартты:

- Қасиетті Жазбаның қатесіздігі.

- Мәсіхтің Құдайдан екендігі және Оның ғажайып (табиғи емес) туылуы.

- Мәсіхтің күнәкарлар үшін айқыштағы өлімі («ауыстыру арқылы күнә»).

- Мәсіхтің қайта тірілуі.

- Тәндегі Мәсіхтің болашақтағы оралуы (екінші келу).

Бұл қағидалар 1910 жылы Пресвитериандық шіркеудің Бас ассамблеясында мақұлданды және бірқатар басқа консервативті діни ұйымдар қабылдады. 1909-1915 жылдары Калифорния штатында пасторлар Рубен Торрей мен А.С. Диксон «Фундаментализмнің негіздері» деген жалпы атаумен 12 томдық мақалалар жинағын шығарды, Бұл мақалаларда фундаментализмге жан-жақты түсінік берілді [8, 12-27 б.].

Католик фундаменталистері христиан әлемінде өте ықпалды. Атап айтқанда, 1970 жылы архиепископ Марсель Лефевр негізін қалаған. X-шы Әулие Пи священниктер бауырластығы мысал бола алады. Лефеврдің ресми Ватиканмен қақтығысы архиепископтың шіркеуден шығарылуына әкелді.

1928 жылы испандық Эскриво де Балагер құрған және 20 ғасырдағы Еуропа мен Латын Америкасындағы бірқатар оңшыл саяси режимдерге үлкен әсер еткен «Опус Дей» («Құдайдың ісі») ұйымы да белгілі. Сондай-ақ, «Militas Dei» («Құдайдың жауынгерлері») немесе «Католиктік қарсы реформация лигасы» (Франция) белгілі.

Католик фундаменталистері модернизмге, экуменизмге және Ватикан II қабылдаған реформаланған ғибадатқа қарсы идеяларын ұсынады [9].

Саяси ғылымдарының докторы К.Н. Костюк Ресейде православиелік фундаментализмнің тууы XX ғасырдың басынан басталады деп санайды. Әлеуметтік деңгейде оның көрінісі еврейлерді жою болды (1881, 1903), ал саяси деңгейде «Орыс халқының одағын» құру. Сол кездегі теоретиктер арасында ол архимандрит Макарийді (Гневушев), архиепископ Андроникті (Никольский), Иоанн Восторгов, В.А. Грингмут, А.И. Дубровин, Н.Э. Мар-

ков, В.М. Пуришкевичтерді айтады. Сонымен қатар, ол әсіресе Ресейдегі діни бағыттармен салыстырғанда «террористік күрес түрлерімен айналысқан социалист-революционерлер мен большевиктердің зайырлы саяси фундаментализмінің көріністері агрессивті болғанын» атап өтті.

К.Н. Костюк қазіргі православиелік фундаментализмнің жалпы негіздері мыналар деп есептейді: ымырасыз антиэкуменизм (әсіресе, сектанттық пен католиктікке қарсы); анти-либерализм, индивидуализм, «батыстық құндылықтарды» сынау; (мемлекеттілік ұлы держава), ұлттық патриоттық қозғалыстарды қолдау. Идеологиялық тіректер теоцентризм, тақуалық, Қасиетті дәстүр мен дәстүр, Жазбалар мен Қасиетті Әкелер ақиқатын ұстану, ізгілік пен пәктік, христиан мемлекеті, халық және Отан туралы түсінік деп аталады [10, 31-38 б.].

Ислам фундаментализмінің теориясы мен практикасы алуан түрлі, бұл ағым исламның сунниттік және шииттік бағыттарына тән. Кейбір мемлекеттерде фундаменталистер өздерінің идеологияларын, атап айтқанда, Иран Ислам Республикасында басым деп қабылдауға қол жеткізді. Басқа бірқатарында фундаменталистік қозғалыстар қолданыстағы зайырлы немесе дәстүрлі мемлекеттік институттарға қарсы әрекет етеді, ал терроризм белгілі фундаменталистік топтармен күрес әдісі ретінде қолданылады [11, 82-86 б.].

Еврей фундаментализмі Израильдегі бірқатар ұйымдар мен саяси партиялардың іс-әрекетінде, иудаизмнің діни заңдарына сәйкес мемлекеттегі барлық тіршілікті ұйымдастыруды қолдайды. Ортодоксальды еврейлердің кейбір топтары (оларды харедим деп атайды) Израильдің зайырлы тұрғындарының өкілдерімен жиі қатаң діни шектеулерді сақтамауына байланысты қақтығысады. Бұл топтар полициямен тікелей қақтығысқа жиі түседі. Сондай-ақ, Нетурей Карта атты ультра-радикалды еврей ұйымы бар, ол Мессия келмес бұрын құрылғандығына байланысты Израильді мемлекет ретінде мүлдем мойындамайды.

Үндістанда индуизм дініне негізделген бірнеше ықпалды және көптеген фундаменталистік ұйымдар бар. Атап айтқанда, «Раштрия Сваям-севак Сангх» («Ұлттың ерікті қызметшілерінің одағы» – RCC) 4 миллионға жуық мүшені құрайды. Ұйымның әскерилендірілген бөлімшелері мен кәсіподақтары бар. «Шив Сена» («Шива армиясы») сияқты радикалды индуизм ұйымы және тағы басқа ұйымдарды атауға болады.

Діни экстремизм – бұл белгілі бір діни идеологияға және белгілі бір доктринаны түсіндіру туралы өте радикалды және фундаменталистік көзқарастарды ұстанумен ерекшеленетін конфессияларға, топтар мен ағымдарға жататын адамдарға тән.

Экстремизм (лат. *extremus* – «шеткі») – адамның басқа түсініктерді, сенімдерді, дәстүрлер мен құндылықтарды қабылдамауға түрткі болатын белгілі бір сенімдер мен шектен тыс радикалды көзқарас жолын ұстануы.

Осы мәселені зерттеуші Ю. Ахромеева діни экстремизмнің интеллектуалды, саяси, психологиялық, діни, әлеуметтік және саяси себептері болуы мүмкін екенін ескертеді. Ол діни экстремизмнің дамуы мен таралуының себептері «адамның өзінен, оның отбасы мүшелерімен, туыстарымен қарым-қатынасынан болуы мүмкін, экстремистің ішкі әлемі мен қоршаған қоғамның арасындағы қайшылықтардан, сенім мен мінез-құлық, идеалдар мен шындық, дін мен саясат, сөздер мен істер, армандар мен нақты жетістіктер, зайырлы және құдай». Сонымен қатар, діни экстремизмнің себептері «діннің мақсаттары мен мәнін толық білмеу, оның ішкі жүйесі мен мақсаттарын дұрыс түсінбеу, фанатизмнің төзімсіздігі мен қатыгездігі болуы мүмкін, бұл экстремистке тек өзінің жеккөрушіліктерін соқыр түрде ұстануға мәжбүр етеді және айналасындағы адамдардың мүдделерін ескеруге жол бермейді. Объективті жағдайлар, тыйым салулар мен шектеулерді қалау, діни мінез-құлықтағы ашкөздік пен үнемі шектен тыс болу және басқаларды да солай етуге мәжбүр ету тенденциясы» [12, 3 б.].

Қазақстандық ғалымдар «діни экстремизмнің заманауи түрлерінің бірін деструктивті сипаттағы дәстүрлі емес діни ағымдар мен культтер деп атаған жөн» деп атап көрсетті, өйткені «олар өздерін дәстүрлі дін формаларына, қолданыстағы мәдениеттің құндылықтары мен нормаларына қарсы тұрады [13, 3-8 б.].

Сонымен қатар «жаңа діни ағымдар өздерінің экстремистік мәнін білдіретін теократияға ұмтылуда» және зерттеушілердің пікірінше, «мұндай діни ілімдердің іске асуы қоғамға үлкен қауіп төндіреді» [14, 29-43 б.].

Барлық ғалымдар экстремизмнің шарықтау шегі терроризм екенін атап өтеді. Біздің тақырып шеңберінде қарастыратын ұғым «діни терроризм».

Жалпы лаңкестік, терроршылдық – саяси-әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет.

«Терроризм» деген сөзін С. Тилли «саяси және нормативтік актілерге мінсіз қызмет ететін» саяси тұрғыдан қуатты, бірақ аналитикалық тұрғыдан қолайсыз терминдер санатына жатқызады. Оның мақсаттары көрсетілген әлеуметтік құбылыстарды сипаттауға және түсіндіруге кедергі келтіреді» Терроризм анықтамаларын жүйелеудегі белгілі әрекет А. Шмид пен А. Юнман қолға алды. 109 анықтаманы талдаудан кейін олар 22 мағыналық элементтерді анықтай алды, олар қолдану жиілігі бойынша келесі тәртіппен орналасқан: «зорлық-зомбылық» (83,5%), «саяси» (65%), «қорқыныш, күш қолдану» (51%), «қауіп» (47%), «(психологиялық) әсерлер және (күтілетін) реакциялар» (41,5%), «жәбірленуші мен мақсат арасындағы дискриминация» (37,5%), «мақсатты, жоспарлы, жүйелі, ұйымдастырылған іс-қимыл» (32%) және т.б. Алайда зерттеушілер осы элементтердің барлығын біріктіру арқылы нақты және дәйекті анықтама жасай алмады.

Д. Рапопорт заманауи терроризмдегі төрт дәйекті толқындарды ажыратады және оларды «анархисттік», «отаршылдыққа қарсы», «жаңа солшыл»

және «діни» ретінде сипаттайды. Д. Рапопорттың айтуынша, халықаралық терроризмнің төртінші толқынының пайда болуына 1979 жылы болған үш оқиға түрткі болды: Ирандағы ислам революциясы, Ауғанстанға Кеңес әскерлерінің кіруі және мұсылман күнтізбесі бойынша жаңа XV ғасырдың басы жақындаған кезде мұсылмандар «Исламды тазарту», «шынайы сенімді қалпына келтіру» деп үміттенді. 1979 жылғы оқиғалар ислам әлемін дүр сілкіндіріп, «кәпірлердің» исламға қауіптілігінің дәлелі ретінде де сенім үшін күресуге түрткі болды. Бұл құбылыстың салдарының бірі 1980 жылдардың бірінші жартысында исламдық ұрандармен күресті бастаған террористік ұйымдар («Египеттік исламдық жиһад», «Исламдық жиһад ұйымы», «Хезболла») пайда болды. Жаңа толқынның өсуі ең алдымен Таяу Шығыста байқалды, ол жерден 1980-2000 жылдары ол Ауғанстан мен Пәкістаннан бастап Шығыс Африка мен Тынық мұхиты аймағына дейінгі аралықта басқа елдер мен аймақтарға таралды. Ислам терроризмінің толқыны Еуропаның жағалауларына 1990 жылдардың екінші жартысының ортасында жетті. Францияда 1994-1995 жж. Алжир исламдық қарулы тобы шабуылдады. Германияда, Гамбургте 1998-1999 жж. радикалды шетелдік студенттер тобы пайда болды, олар кейінірек Ауғанстанда орналасқан Аль-Каида құрылымының бір бөлігі болды. Бұл «Гамбург клеткасы» аталатын мүшелер ауған лагерлерінде арнайы дайындықтан өтіп, 11 қыркүйек шабуылында шешуші рөл атқарды. Бірақ қазіргі кезеңдегі радикалды исламшыл ортадағы еуропалық мұсылмандардың үлесі аз. Соңында, 2000 жылдардың ортасында қазірдің өзінде «үйден шыққан» жиһадшылар өздерін маңызды саяси қастандықтармен және ауқымды террористік актілермен жариялады (2004 жылы Голландия режиссері Тео ван Гогты өлтіру; 2004 жылы Мадридтегі және 2005 жылы Лондондағы жарылыстар) [15].

Бұл мәлімдемеге байланысты біраз ғалымдардың, соның ішінде Отандық зерттеушілердің басқаша көзқарастары жұмыс барысында талдауға алынды. Сондай-ақ бұл бағытта 2006 жылы жарық көрген Эргюн Чаплан жинақтаған ислам теологтарының терроризмге қатысты ойлары, Р. Жумалы, Г. Жусипбек, Н. Байтенова, Қ. Борбасова, А. Косиченко, Б. Сатершинов, Н. Сейтахметова тағы да басқа ғалымдар діни экстремизм мен терроризм мәселесінің күрделі жақтарын зерттеудің әдіснамасын ұсынғандығын айта кету керек. Аталған көзқарастардың жиынтығының практикалық нәтижесі ретінде 2020 жылы жарық көрген Асқар Сабдиннің «Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері. Әдістемелік құралы» еңбегін атап өтуге болады.

Қорытынды

Мақалада соңғы жылдары әлемнің ақрапаттық кеңістігінде адам мен адамзатқа жиі айтылатын, сонымен қатар, жалпы қоғамда орын алып

жатырған діни ахуалда жиі қолданысқа ие болатын негізгі ұғымдарға фанатизм, радикализм, фундаментализм, экстремизм, терроризм тоқтала келе, олардың ара-жігін айқындап талдау мүмкін болды. Себебі, бүгінгі күнде бұл ұғымдардың жиі қолданысқа енуіне қарамастан, жүйеленген нақтылы зерттеулер жеткіліксіз. Ал бұл ғылыми жұмыста аталған ұғымдарға нақтылы талдаулар жүргізіліп, олардың ара-жігі ажыратылып, қоғамға тигізер қауіпі мен маңызды тұстарына тоқталдық.

Сондай-ақ, аталған ұғымдар іс-жүзінде орын алғанда оларға қарсы тиімді күрестің маңызды шарттарының бірі жүйелі жалпы мемлекеттік бағдарламаны құру, ол өз кезегінде тек құқық қорғауды ғана емес, сонымен қатар террористік іс-әрекеттің әлеуметтік себептерін туындататын және өршітетін саяси, қоғамдық, экономикалық, құқықтық, идеологиялық, уағыз, ақпараттық, күштік, арнайы (оперативті, іздеу салу, техникалық, бақылау) аспектілерін де қамтуы қажеттігін айқындап көрсетеді. Бұл мақала аталған ұғымдардың типологиясын ескеруге, дайындық және жүзеге асырылу деңгейін, жалпы жағдайын, дамуын болжауға және анықтауға себін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ. және т.б. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 384 б.
2. Ким В.В. Фанатизм как предмет философского анализа. Материалы 40 научно-практической конференции молодых ученых, аспирантов и студентов // Изв. КГПУ. – 2001. – С. 80.
3. Ким В.В. Вера и фанатизм: проблема соотношения / Гуманитарные исследования: // Изв. УГПИ. – 2001. – N 5. – С. 455.
4. Ким В.В. Фанатизм как психологический механизм социального осуществления экстремизма и терроризма / Актуальные проблемы социогуманитарного знания. Сборник научных трудов кафедры философии. Выпуск XIV. – М.: Прометей, 2002. – 351 с.
5. Кутузова Н.А. Религиозный радикализм и альтернативные социальные проекты // Религия и общество - 3: актуальные проблемы современного религиоведения: сб. науч. трудов / под общ.ред. В.В. Старостенко, О.В. Дьяченко. – Могилёв: УО “МГУ имени А.А. Кулешова”, 2008. – 752 с.
6. Байтенова Н.Ж., Борбасова Қ.М. Жаңа діни ағымдардағы сектанттықтың әлеуметтік-философиялық мәні // Адам және әлем: философия, ғылым, мәдениет» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, Қазақ университеті, 2010. – 319 б.
7. Сабдин А. Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері. Әдістемелік құралы. – Алматы, ТОО «Vsquared», 2020. – 468 б.
8. Сафронов Р.О. Особенности проявления религиозного экстремизма и фундаментализма в США. [Электронный ресурс] – 2011. – URL: <http://religious.life/2012/11/osobennosti-proyavleniya-religioznogo-ekstremizma-i-fundamentalizma-v-usa/>. (Қаралған күні 02.03.2021).

9. Тувинов А. Многоликий фундаментализм. [Электронный ресурс] – 2001. – URL: https://www.ng.ru/ng_religii/2001-09-26/10_fanatics.html.
10. Костюк К.Н. Православный фундаментализм // Полис, 2001. – N 5. – С. 133.
11. Карамян С. Исламский фундаментализм: теория и практика. [Электронный ресурс] – 2007. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/islamskiy-fundamentalizm-teoriya-i-praktika>. (Қаралған күні 17.10.2020).
12. Ахромеева Ю.В. Социокультурные основы религиозного экстремизма / автореф. дис ... канд. филос. наук: 09.00.13. – Воронеж: ВГАСУ, 2009. – 178 с.
13. Байтенова Н.Ж. Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. – Алматы, Қазақ университеті, 2009. – 325 б.
14. Борбасова Қ.М. Діни бірлестіктер және ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Монография. – Алматы, Өрекет принт, 2009. – 212 б.
15. Прошин Д.В., Рапопорт Д. Терроризм четвертой волны и европейские джихадисты. [Электронный ресурс] – 2014. – URL: <http://ir.duan.edu.ua/bitstream/123456789/66/1>. (Қаралған күні 24.03.2021).

Transliteration

1. Zharykbaev K. zhәне t.b. Zhantanu ataularynuң tysindirme sözdigi [Explanatory dictionary of scientific names]. – Алматы: Sөzdik-Slovar’, 2006. – 384 b. (in Kaz).
2. Kim V.V. Fanatizm kak predmet filosofskogo analiza [Fanaticism as a subject of philosophical analysis]. Materialy 40 nauchno-prakticheskoy konferencii molodyh uchenyh, aspirantov i studentov // Izv. KGPU. – 2001. – S. 80. (in Russ).
3. Kim V.V. Vera i fanatizm: problema sootnoshenie [Faith and fanaticism: the problem of relationship] / Gumanitarnye issledovaniya: // Izv. UGPI. – 2001. N 5. – S. 455. (in Russ).
4. Kim V.V. Fanatizm kak psihologicheskij mehanizm social’nogo osushhestvleniya jekstremizma i terrorizma [Fanaticism as a psychological mechanism of social existence of extremism and terrorism] / Aktual’nye problemy sociogumanitarnogo znaniya. Sbornik nauchnyh trudov kafedry filosofii. Vypusk XIV. – M.: Prometej, 2002. – 351 s. (in Russ).
5. Kutuzova N.A. Religioznyj radikalizm i al’ternativnye social’nye proekty [Religious radicalism and alternative social projects] // Religija i obshhestvo - 3: aktual’nye problemy sovremennogo religiovedeniya: sb. nauch. trudov / pod obshh.red. V. V. Starostenko, O. V. D’jachenko. – Mogiljov: UO “MGU imeni A.A. Kulshova”, 2008. – 752 s. (in Russ).
6. Bajtenova N.Zh., Borbasova Қ.М. Zhaңa dini aғymdardaғы sektanttyқтың әleumettik–filosofijalyқ мәні [Socio-philosophical significance of sectarianism in new religious movements] // Adam zhәне әlem: filosofija, ғылым, мәdeniet» atty halyқaralyқ ғылыми tәzhiribelik konferencija Materialdary. – Алматы, Қазақ universiteti, 2010. – 319 b. (in Kaz).
7. Sabdin A. Radikalsyzdandyrudуң teologijalyқ narrativteri [Theological narratives of radicalization]. Әdistemelik құraly. – Алматы, TOO «Bsquared», 2020. – 468 b. (in Kaz).

8. Safronov R.O. Osobennosti proyavleniya religioznogo jekstremizma i fundamentalizma v SShA [Features of the manifestation of religious extremism and fundamentalism in the United States]. [Jelektronnyj resurs] – 2011. – URL: <http://religious.life/2012/11/osobennosti-proyavleniya-religioznogo-ekstremizma-i-fundamentalizma-v-usa/>. (Қаралған кыни 02.03.2021) (in Russ).

9. Tuvinov A. Mnogolikij fundamentalizm [Polygamous fundamentalism]. [Jelektronnyj resurs] – 2001. – URL: https://www.ng.ru/ng_religii/2001-09-26/10_fanatics.html. (in Russ).

10. Kostjuk K. N. Pravoslavnyj fundamentalizm [Orthodox fundamentalism] // Polis, 2001. – N 5. – S. 133. (in Russ)

11. Karamjan S. Islamskij fundamentalizm: teoriya i praktika [Islamic fundamentalism: theory and practice]. [Jelektronnyj resurs] – 2007. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/islamskiy-fundamentalizm-teoriya-i-praktika>. (Қаралған кыни 17.10.2020) (in Russ).

12. Ahromeeva Ju. V. Sociokul'turnye osnovy religioznogo jekstremizma [Sociocultural bases of religious extremism] / avtoref. dis ... kand. filos. nauk: 09.00.13. - Voronezh: VGASU, 2009. – 178 s.

13. Bajtenova N.Zh. Қазиргі дәстүрден тыс dini қозғалыстар мен кул'тер [Religious movements and cults beyond modern traditions]. – Almaty, Қазак университети, 2009. – 325 б. (in Kaz).

14. Borbasova Қ.М. Dini birlestikter zhәне ұлттық қауіпсіздік мәселесі [Religious associations and national security issues]. Monografija. – Almaty, Өрекет print, 2009. – 212 б. (in Kaz).

15. Proshin D.V., Rapoport D. Terrorizm chetvertoj volny i evropejskie dzhihadisty [Terrorism is the fourth wave and European jihadists]. [Jelektronnyj resurs] – 2014. – URL: <http://ir.duan.edu.ua/bitstream/123456789/66/1>. (Қаралған кыни 24.03.2021) (in Russ).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Назима Жаулыбаевна Байтенова	<i>Философия ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры, Алматы</i>
Назерке Жетпісбайқызы Жетпісбай	<i>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дінтану және мәдениеттану кафедрасының магистранты, Алматы</i>
Назима Жаулыбаевна Байтенова	<i>доктор философских наук, профессор кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы</i>
Назерке Жетписбаевна Жетписбай	<i>магистрант кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы</i>

<i>Nagima Baitenova</i>	<i>Doctor of Philosophy, Professor of Religion and Culture Studies Department of al-Farabi Kazakh National University, Almaty</i>
<i>Nazerke Zhetpisbay</i>	<i>Master's student of Religion and Culture Studies Department of al-Farabi Kazakh National University, Almaty</i>

Мақалаға сілтеме: Байтенова Н., Жетпісбай Н. Фанатизм түсінігі, мәні және ерекшеліктері (жалпы фанатизм, радикализм, фундаметализм, экстремизм, терроризм түсініктерінің ара жігін айқындау) // Адам әлемі. - 2021. №1(87), сс. 124-139.